

Қазақстан Банктері

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2026 жылдың 1 тоқсанының қорытындылары

Кезеңнің негізгі үрдістері


- 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында банк секторы экономика субъектілеріне жалпы сомасы 79,2 трлн болатын жаңа несиелер берді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың ұқсас кезеңімен (78,4 трлн) салыстырғанда 780 млрд-қа немесе 9,2%-ға жоғары.
- Бұл өсім толықтай корпоративтік сегменттегі несиелер беру белсенділігінің үдеуі (+23,3%) есебінен қамтамасыз етілді, ал бөлшек сауда сегментінде, керісінше, төмендеуі (-4,4%) байқалды.
- Бизнес-несиелерді беруде барлық сегменттер бойынша екітәңбалы өсім байқалуда: шағын (+14,1%), орта (+65,4%) және ірі (+20,5%) кәсіпкерлік. Бұл компаниялар тарапынан инвестициялық сұраныстың артуымен және қарыздық қаржыландыруға, оның ішінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мен айналым капиталын толықтыруға деген қажеттіліктің өсуімен байланысты. Сондай-ақ, жеңілдікпен қаржыландыру құралдары мен көлемінің кеңеюі нарыққа қосымша серпін беріп отыр.
- Бөлшек сауда сегментін несиеленудің төмендеуі тұтынушылық несиелер берудің қысқаруымен (-7,0%) байланысты. Бұл нақты табыстың азаюы аясындағы тұтынушылық сұраныстың әлсіреуі, макропроденциалдық реттеудің үздіксіз қатаңдатылуын, жүйедегі жоғары мөлшерлемелер әсерін және клиенттік базаны кеңейту әлеуетінің сарқылуын көрсетеді.
- Айта көтерлігі, бөлшек сауда сегментіндегі клиенттік базаның өсімі бірінші тоқсанда небәрі 6,4 мың қарыз алушыны құрады. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2025 жылдың ұқсас кезеңінде бұл көрсеткіш 40,7 мың адамға ұлғайған болатын.
- Бұл ретте портфельдер динамикасы салыстырмалы түрде төмен болып қалыптасты және несиелер беру құрылымына сәйкес келмеді (төменде қараңыз).

- Бұған басым дәрежеде жаңа қарыздардың мерзімділігіндегі айырмашылықтар себеп болды: бизнес-несиелердің 68%-ы бір жылға дейінгі мерзімге берілсе, халық арасында бұл көрсеткіш небәрі 18%-ды құрады. Бұл корпоративтік қарыздардың тезірек өтелуіне әкеледі және тиісінше портфельдің өсуін шектейді.
- Қорландыру құны активтердің табыстылығына (+16 б.т.) қарағанда жылдамырақ қарқынмен (+37 б.т.) өсті. Бұл өтімділік үшін бәсекелестіктің күшеюі мен ЕТРТ (ең төменгі резервтік талаптар) қатаң нормативтерінің әсері аясында банктердің пайыздық маржасына қысым көрсетті.
- Пайыздық шығыстардың озу қарқынымен өсуі нәтижесінде пайыздық спрэд жыл басындағы 4,62%-дан 4,42%-ға дейін (-20 б.т.) қысқарды. Бұл сектор пайдасының 0,6 трлн теңгеге дейін (-10,8%) төмендеуіне негіз болды.
- Бұл ретте фискалдық жүктеменің артуы қаржылық нәтижеге түсетін қысымды күшейте түсті. Корпоративтік табыс салығы (КТС) бойынша шығыстар 35,9%-ға, яғни 1121,5 млрд-тан 1148,0 млрд-қа дейін өсті, ал КТС түсімдеріндегі ЕДБ-ның үлесі 11,9%-дан 12,4%-ға дейін ұлғайды.
- Сонымен қатар, тәуекел құнының төмендеуі мен проблемалық берешектің бақылаудағы деңгейі пайданың құлдырауын ішінара тежеді. Бұл факторлар қорландыру құнының өсуі мен салықтық жүктеменің артуынан туындаған қысымның орнын толтыруға мүмкіндік берді.
- Жиналған пайда есебінен капиталдың өсу қарқыны жоғары деңгейде (+5,8%) сақталды. Ал міндеттемелер негізінен заңды тұлғалар депозиттерінің азаюына байланысты қысқарды (-1,4%). Бұған басым дәрежеде салық жүктемесінің артуы, қаражаттың бюджетпен және контрагенттермен есеп айырысуға қайта бөлінуі, валюталық құрауыштың қайта бағалануы, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған субъектілер санының азаюы себеп болуы мүмкін.



* Кәсіпкерлік қызметке ЖК кредиттерін қоса алғанда

Банктердің экономикаға несиелері **




** Деректер көзі: ҚРҰБ


© Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы, 2026

Банктердің экономикаға несиелері **

ЖТ және ЭТ қарыздары бойынша орташа сыйақы мөлшерлемелері




Активтердің кірістілігі (пайыздық кірістер/кіріс әкелетін активтер)




Проблемалық несиелер **

Несиелік тәуекелдің құны

(CoR: қалыптасқан провизиялар / Орташа несие портфелі)




NPL 90+ өзгерісі, п. т.




Банк жүйесінің міндеттемелері **

Капитал мен міндеттемелер динамикасы



ЖТ және ЭТ депозиттері бойынша орташа сыйақы мөлшерлемелері




** Деректер көзі: ҚРҰБ


© Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы, 2026

Халықтың және корпоративтік ұйымдардың депозиттері **

Жеке тұлғалардың депозиттерінің динамикасы




Заңды тұлғалардың депозиттерінің динамикасы




Қорландыру және салықтар **

Қорландыру құны ¹



ЕДБ-ден КТС бойынша аударымдар



¹ Қорландыру құны-сыйақы төлеуге байланысты пайыздық шығыстар / міндеттемелер.

** Деректер көзі: ҚРҰБ, СЖРА ҰСБ, БКБ

Резюме

Жалпы несиелер белсенділігінің сақталып отырған өсуіне (+9,2%) қарамастан, оның құрылымы теңгерімсіз бола бастады. Жаңадан берілген несиелердің негізгі драйвері тек корпоративтік сегмент болып отыр, ал бөлшек несиелер керісінше қысқару үрдісін көрсетуде. Бұл ретте жаңа қарыздардың мерзімділігіндегі айырмашылықтар берілген несиелердің портфельдердің орнықты өсуіне трансформациялануын тежейді, бұл ЕДБ-ның пайыздық базасының кеңеюін шектейді.

Сонымен қатар, қатаң ақша-несиелер талаптары, өтімділік үшін бәсекелестік және ЕПРТ-ның жоғарылатылған нормативтері аясында күшейе түскен қорландыру құнының озу қарқынымен өсуі банктердің пайыздық маржасына қосымша қысым көрсетуде. Бұл табыс базасының өсу әсерін шектеп, қаржылық нәтижелер динамикасын тежейді.

Бұған қоса, фискалдық жүктеменің артуы сектордың қорытынды рентабельділігін төмендетіп, қосымша қысым қалыптастырады. Осындай жағдайда, тіпті операциялық орнықтылық сақталғанның өзінде, сектор пайдасы баяу динамика көрсетуде, бұл түптеп келгенде ЕДБ-ның несиелер беру көлемін одан әрі ұлғайту мүмкіндігін шектейді.

Сәуір айынан бастап ЕПРТ-ны көтерудің екінші кезеңі күшіне енді (ЕДБ-ның Ұлттық банктегі корреспонденттік шоттарындағы қаражаты Т2,3 трлн-нан Т3,7 трлн-ға дейін өсті) және жеке тұлғалар портфельінің тәуекел деңгейі бойынша өлшенген активтерінен 2% мөлшерінде (-Т463,5 млрд) капиталдың контрциклдік буфері енгізілді. Бұл шаралар жаңа несиелер беру динамикасында қалыптасқан дивергенцияны күшейтіп, қорландыру құнын арттыруы мүмкін.

Нәтижесінде, циклдің қазіргі фазасында реттеушілік талаптардың қосымша қатаңдатылуы проциклдік сипатқа ие болуы мүмкін. Бұл маржаға, несиелер белсенділігіне және ішкі сұранысқа түсетін қысымды күшейте түседі.